

Бекітемін: *Б.Т. Жакупова*
Мектеп директоры Б.Т.Жакупова



Қаралды: *Г.Б. Қазмұқанова*
ТІЖ орынбасары Г.Б.Қазмұқанова

Тоғызқұмалақ үйірмесі

Пән мұғалімі: Дәндібаев Қанат Бактыбайұлы
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

2022-2023 оқу жылы

Пікір

Бүгінгі таңда дүние жүзінде зияткерлік ойындарды дамыту, өркендету маңызды шаралардың бірі болып саналады. Тоғызқұмалақ зияткерлік ойынға жатады. Ал зияткерлік ойындар дегеніміз – адамның ойлау қабілетін, ой - өрісін дамытатын спорт түрі, оның үстіне, зияткерлік ойындардың терапиялық сипаты да зор екен.

Екіншіден, ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, тоғызқұмалақтың тағылымдық, тәрбиелік, танымдық құндылықтары көп. Ата – бабамыздан аманат етіп қалдырылған бұл ойынды келесі ұрпаққа тапсырудың маңызы біз үшін өте зор, өйткені ұлттық тәрбие жалпы тәрбиенің негізін құрайды.

Тоғызқұмалақ ережелерінен қазаққа тән мінез – құлық ерекшеліктерін көруге болады. Отау саны мен құмалақ санының аталған ойындардан көптігі де – ұлтымыздың жомарт, еркін болмысын сипаттайды, қазақ даласына тән кендігін көрсетеді.

Қорыта айтқанда үйірме жоспары жүйелі түрде құрылған. Болашақта үйірме жұмысынан көптеген нәтижелер күтуге болады.

Пікір білдірген



Педагог-зерттеуші мұғалім Ә.К.Сәлімгереев

Түсінік хат

Ұлттық ойын тоғызқұмалақ үйірмесінің бағдарламасы 9 кластағы дене тәрбие оқулығы авторы Б.Төтентаевтың, қазақтың ұлттық спорт түрлері М.Балғамбаевтың оқулығынан, Қ.Нұрышиннің «тоғызқұмалақты ойнауды үйренеміз» атты бағдарламасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 7 дүркін чемпионы А.Ақшораевтың «тоғызқұмалақ ойынының партияларының жинақтары» еңбектеріне сүйене отырып құрастырылады.

Тоғызқұмалақ – қазақ халқының аса қызықты ұлттық ойындарының бірі, ол халықтың арасында өте ежелден тараған. Негізінен тоғызқұмалақ ойыны қай кезде шығып, қалай қалыптасқаны белгісіз. Ал негізінде Қазақстан жеріндегі Тарбағатай тауының Сойқан жоталарындағы жартастардың үстерінде, Қаратау қаласына таяу жердегі Ақшұқыр деген тас төбенің үстінде тоғызқұмалақтың «отаулары» мен «қазандары» қашалып ойылған. Бұл тақтаны қай кезде кім ойлып жасағаны белгісіз. Халқымыздың ұмыт бола бастаған ойынын оқушыларға үйрету.

Ал тоғызқұмалақ ойынының бізге әкелер пайдасы қандай? Тоғызқұмалақ ойыны ойды ұштайды, терең ойлауды талап етеді адамның есте сақтау қабілетін дамытады, өмірде кездесетін әртүрлі ситуацияларды оптималды жолдарын шешуге үйретеді. Ол ойыншыдан аса төзімділікті, қорғану тактикасы мен шабуылдау әдістерін шебер ұйымдастыруды талап ететін ойын.

Үйірменің мақсаты:

- Баланың ойлау қабілеттілігін дамытып жетілдіру.
- Жақсы ойнай білуге дағдыландыру
- Баланы ойынға машықтандыру арқылы шеберлік дағдысын қалыптастыру.
- Ойынға қызығушылығын арттыру.
- Баланың ұлттық сана – сезімін қалыптастыру, адамгершілікке тәрбиелеу.
- Баланың бойындағы талант пен дарынды зерттеу және оны дамыту.

Үйірменің міндеті:

- Халқымыздың кенде қалған ұлттық ойыны тоғызқұмалақты оқушыларға үйрету.
- Тоғызқұмалақ ойынының беделін көтеру, насихаттау.
- Тоғызқұмалақ ойынын Қазақстан Республикасында дамыту және шахмат, дойбы ойындары сияқты әлемге танылуына атсалысу.
- Тоғызқұмалақ ойынының бала тәрбиесіндегі қажеттілігін, тәрбиелік маңыздылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

- Баланың тоғызқұмалақ ойынына қызығушылықтың пайда болуы.
- Қорғану тактикасы мен шабылдау әдістерін, шебер меңгерген ойыншы.
- өз қиялы, идеясы қалыптасады.
- Оқушының есте сақтау қабілетін арттыру.
- Шыдамды төзімді бола білуге тәрбиелеу.
- Даму процесінде шығармашылық ізденістің қалыптасуы.

Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
оқушыларына арналған **тоғызқұмалақ** үйірмесінің жоспары

№	Тақырыбы	Сағат саны	Өткізілетін күндері
1	2	3	4
1	Тоғызқұмалақ ойыны туралы жалпы мәлімет. Қазақстанда тоғызқұмалақтың даму тарихы	1	7.09
2	Т-Қ ойынының тақтасы,отаулары,қазандары, жүріс тәсілі және заңдары мен ережелері.	1	14.09
3	Т-Қ ойынындағы «тұздық», тұздық алу ережесі «Ат сұрау»ұғымы және одан қашу жолдары	2	21.09 28.09
4	Отауда тастарды жұптап ұстаудың артықшылығы	2	5.10 12.10
5	Өз ара ойын комбинацияларын құру	2	19.10 26.10
6	Отаудағы 1-10 ға дейін құмалақтардың жүрісін есептеу жолдары.	2	9.11 16.11
7	Оқу жаттығу ойындары.Ойнаған ойындарды талқылау және жіктеу.	2	23.11 30.11
8	Бастаушының артықшылығы және қостаушының қорғаныс тактикасы	2	7.12 14.12
9	7.6 бастамасына 7.6 жауабының артықшылығы мен кемшіліктерін талқылау.	2	21.12 28.12
10	Тоғызқұмалақ нотациясын жазып үйрену.	2	11.01 18.01
11	Жазып ойнауға машықтану	2	25.01 1.02
12	Қысқа (блиц) турнилері ойындар	2	8.02 15.02
13	1-8 отаулардағы құмалақтар бір-бірден,екі-екіден болғанда құмалақтың жүріс санын есептеу жолдары.	2	22.02 29.02
14	Құмалақтарды аз-аздан орналастырудың маңызы.	1	7.03
15	9-шы отауға құмалақтарды топтастырудың маңызы	2	14.03 4.04
16	Бай отаумен 1.2 отауға тұздыққа шабылдау тәсілі.	2	11.04 18.04
17	Оқу жаттығу ойындары.ойнаған ойындарды талқылау және жіктеу	1	25.04
18	Ойынның шабулдау тактикалары	1	02.05
19	Ойында қолданылатын комбинациялы шабулдау тәсілі	2	9.05 16.05
20	Ойындағы қорғаныс тәсілдері	1	23.05

Пайдаланылған әдебиеттер:

1) Дене тәрбиесі оқулығы 6-7 класс
Төтентайдың Базарбегі, Тайжанов Сүгірәлі.
Баспасы. Алматы «Атамұра» 2001ж

2) Таңдаулы партиялар.
Тогызқұмалақ федерациясы.
Түркістан – 2011ж

3) «Тогызқұмалақ ойнауды үйренеміз»
Қ.Нұршин
Ақтөбе газеті 2002ж.

4) «Тогызқұмалақ»
Ә.Ақшораев. Алматы «Қазақстан»

Тоғызқұмалақ үйімесіне қатысатын оқушылар тізімі

№	Оқушылардың аты – жөні	Сыныбы	Үйірме атауы	Үйірме жетекшісі
1	Бұрматай Аяулым	5	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
2	Жармағанбетов Әли	5	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
3	Олжабай Олжас	5	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
4	Мейрамханұлы Низамаддин	5	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
5	Олжабай Тоғжан	6	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
6	Аманжол Қасым	6	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
7	Балағұл Ернұр	6	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
8	Айтөре Мерей	7	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
9	Жұмекен Ерсұлтан	7	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
10	Олжабай Гүлімай	7	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
11	Өмір Мерей	7	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
12	Сағындық Әлішер	7	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б
13	Аманжол Сұлтан	8	Тоғызқұмалақ	Дәндібаев Қ.Б